

Қазақстанның мұнай және газ биржасы туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 11 тамыз N 1116

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің Қазақстанның Мұнай және газ биржасын құру жөніндегі бастамашылығы мақұлданын

2. "Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия туралы, тауар биржаларына лицензия беру және Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссияның құрамы туралы Ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 30 мамырдағы N 755 P950755_ қаулысына сәйкес Қазақстанның Мұнай және газ биржасының биржалық лицензия алуға өтінішін Тауар биржалары жөніндегі республикалық комиссия белгіленген тәртіппен қарасын.

3. "Тауар биржалары" туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2170 U952170_ Заң күші бар Жарлығының негізінде Қазақстанның Мұнай және газ биржасы биржалық лицензия алғаннан кейін "Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 P951035_ қаулысына сәйкес СЭҚ ТН кодтары 2709, 271000330, 271000350, 271000510, 271000690, 271000790 өңделмеген мұнай (газ конденсатын қоса) және оның өңделген өнімдерін экспортқа сату жөніндегі биржалық мәмілелерді жүзеге асыруға құқылы.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі